| | | |
|---|---|---|
| **Пән атауы** | Педагогика | |
| **Тақырыбы** | Оқыту әдістері. Білім алу көзіне қарай топтастырылған оқыту әдістері. | |
| **Күні:** 12.04.2018 ж. | **Оқытушының аты-жөні** | **Асанова Нұргүл Сейткамалқызы** |
| **Топ:** 211 | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | Оқыту әдістеріне сипаттама береді, топтастырады. Тақырып бойынша түсініктерден кластерлер құрады. Ақпараттарды талдап, қорытынды шығарады. Топта бірлесе жұмыс істеп, түйінді пікірлер айтады. Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауға қатысады. | |
| **Күтілетін нәтиже** | Оқыту әдістерін белгілі топтарға жіктеп үйренеді. Тиімді әдістерді практикада қолдануға машықтанады. Бұған дейінгі жинақталған әдістер жайындағы пікірлері өзгереді. | |
| **Сілтеме** | «Педагогика» оқулығы | |
| **Ресурстар** | Стикер, маркер, магнит тақтасы, түрлі – түсті қағаз, желім, бағалау парақшалары, критерий, дескриптор, қобдиша, презентация, интербелсенді тақта, ватман | |
| **Алдыңғы оқу (үй тапсырмасы)** | Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру жолдары . «Ыстық орындық» әдісі | |

**ЖОСПАР**

| **Жоспарланған уақыт** | **Сабақ барысында жоспарланған іс-әрекеттер** | **Қолданылатын ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br><br>«Сиқырлы сандықша» - жағымды ахуал тудыру жаттығуы | 1. Психологиялық жағымды ахуал туғызу. Студенттерді бір шеңберге тұрғызу. Сандықшадан әрқайсысы бір қағаздан алады. Онда қағазға жазылған адам бойындағы жақсы қасиеттер жазылған. Әркім сол қасиетке ие студентке қолындағы қағазын ұсынады. Соңында рефлексия жасалады: көңіл-күйлері, сезімдері, алған әсерлері сұралады.<br>2. Топтарға кіріктіру. Сандықшадан алынған қағаз түстеріне қарай студенттер 3 шағын топқа топтастырылады.<br>3. Топтық ереже. Папирустағы топтың Алтын Ережесімен таныстырылады.<br>Әр топ өз араларында келісіп, топ міндеттерін атқаратын студентті белгілейді. Әркім өзіне тиісті бейджиктерді тағады.<br>Топбасшы (реттеуші)- топ ішінде рөлдерді бөлуге, жалпы топтың өнімді жұмыс жасауына жауапты тұлға<br>Спикер – сабақ үстінде топ атынан тапсырманы қорғаушы (1-2 студент)<br>Сыншы – айтылған шешімге сын көзбен қарап, дұрыс шешімге бағыттайды (1-2 студент)<br>Хатшы-айтылған материалдар мен көзқарастарды жинақтайды, толықтырып жазады<br>Тайм-кипер-уақыттың үнемді әрі тиімді жұмсалуына жауапты<br>4. Сабақты ұйымдастыру. Сабақтың барысында тапсырмаларды орындау кезінде әр студенттің Өзін өзі бағалау кестесін толтырып отыруы ескертіледі. | сандықша<br>қима қағаздар<br>бейджиктер<br>табло<br>топтық ереже |

<table>
<tr>
<td>

**Ортасы**

«Үш болжам» стратегиясы

«Сіз нені білгіңіз келеді?» стратегиясы

«Тек 1 минут» стратегиясы

«Кластерлер» стратегиясы

«Микс» әдісі

орындауға-3 минут, қорғауға-2 минут

</td>
<td>

1. **Тақырыппен таныстырмастан бұрын студенттерге топта орындау үшін нақыл сөз беріледі. Оның мағынасы мен мазмұнын аңғара отырып, тақырыпты анықтауға арналған 3 болжам айту тапсырылады.** ***«Нағыз сабақ қоңырау соғылғаннан басталмайды, нағыз сабақ бала ойы тұтанғаннан басталады» А.А.Куманев.***
2. **Сабақ тақырыбын хабарлау. Айтылған болжамдағы ойдың тақырыппен қаншалықты сәйкестіндігін нақтылау.**
3. **Студенттер топтасып, жалпы сабақ барысында тақырыпты меңгеруде қалыптастырылатын ББД туралы ой бөліседі, талқылайды. Содан соң топтың атынан хабарлайды.**
4. **Сабақ тақырыбын түсіндіру. Презентация «Оқыту әдістері».**
5. **Топта бірлесіп, сабақ тақырыбы жайында айтылған түсініктерді Таңдау практикасында қолданған әдістерімен байланыстырып айту ұсынылады. Тапсырма критерийлерін назарда ұстау керектігі ескертіледі. Орындауға-1 минут, қорғауға-1 минут.**
6. **Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. 394-407 беттерді оқу. Алдыңғы тапсырма бойынша айтылған ой, пікірлерді жүйелеу. Белгіленген критерийге сәйкес кластер құру, қорғау тапсырылады.**
7. **«Микс» әдісімен әр топ бірлескен топтық жұмыс орындайды.**
8. **1-топ: тақырыпқа байланысты әдістемелік нұсқаулық құрастыру.**

**1-топ тапсырмасына бағалау критерийлері және дескрипторлар**

<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Сөздік, көрнекілік, практикалық,</td><td>Әдістерді бір-бірінен ажыратып көрсетеді</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқыту әдістерін қолданудың Ереже талаптарын анық көрсетеді</td><td></td></tr>
</table>

</td>
<td>

Слайд 2

слайд

Әдебиеттік оқу оқулығы<br>маркер<br>магнит<br>түрлі-түсті маркер<br>түсті қағаздар<br>желім

</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| оқытудың тиімді әдістері бойынша әдістемелік нұсқаулық құрастырады | Кітап мұқабасын, ішкі бетітерін көркем безендіреді | |
| | Таңдалған тақырыптың мазмұнын ашады | |
| | Нұсқаулықты жаңаша форматта таныстырады | |
| **0-5-«2» 6-13-«3» 14-20-«4» 21-25-«5» Қорытынды** | | |

**2-топ: Әдістерді практикалық жолмен көрсету. Ана тілінен таңдау практикасымен байланыстыру.**

| **Бағалау критерийі** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|
| «Сөздік, көрнекілік, практикалық әдістер» тақырыбын практикалық жолмен көрсету, мағынасын ашу | Әдістерді бір-бірінен ажыратып көрсетеді | |
| | Әдістерді жүйелі, бірізді түсіндіреді | |
| | Мұғалімдік шеберлігін көрсетеді | |
| | Таңдалған тақырыптың мазмұнын ашады | |
| | Эстетикалық тұрғыдан безендіреді | |
| **0-5-«2» 6-13-«3» 14-20-«4» 21-25-«5» Қорытынды** | | |

Сергіту

«Саяхатқа шығу»

«Кескінді сызу» ойыны

**3-топ: «Тиімді әдіс-тәсіл-сапалы сабақ негізі» тақырыбында постер қорғау**

| **Бағалау критерийі** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|
| «Тиімді әдіс-тәсіл-сапалы сабақ кепілі» - тақырыбында постер қорғайды | Тақырыптың маңыздылығын анықтайды, мазмұнын ашады | |
| | Өзектілігіне мән береді | |
| | Жаңаша идея қосады | |
| | Эстетикалық тұрғыдан безендіреді | |
| | Жүйелі түрде қорғайды | |
| **0-5-«2» 6-13-«3» 14-20-«4» 21-25-«5» Қорытынды** | | |

9. **- Шаршаған боларсыңдар? Қазір саяхатқа шығып демалып бір сергіп алайық. Ол үшін алып баратын заттарды анықтайық. Әркім өз есімінің алғашқы әрпінен басталатын заттар атауын 3 тілде айтсын.**

<table>
<tr><td></td><td>Мен-Нұргүл. Нан, хлеб, bread.<br><br>10. Х, у координаталар осіндегі сөздік, көрнекілік, практикалық әдістерді өз әдіс түрлерімен байланыстырып, кескін сызу тапсырылады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Аяқталуы<br>«Ақпаратты сүзу» әдісі<br><br>Кері байланыс</td><td>1. Интербелсенді тақтадағы сызбаларға қажетті материалдар мен ақпараттарды, сонымен қатар тиісті орынға қажетсіз ақпараттарды жазу ұсынылады.<br>2. «Термометр» шкаласы. Әр топ сабақтан алған әсері мен тиімділігін, т.б. қасиеттерін «температура» арқылы көрсетеді. Не ықпал еткендігін сипаттайды.<br>3. Бағалау. Өзін өзі бағалау кестесі. Оқытушының бағалау кестесі бойынша студенттер білімін бағалау.<br>4. Үйге тапсырма. Мәтінді оқу, реферат жазу<br>5. Үйге тапсырма. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс. Реферат жазу</td><td>слайд</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қорытынды бағалау<br><br>Рефлексия<br>Қандай екі нәрсе табысты болды?<br>1.<br><br>2.<br><br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды?<br>1.<br><br>2.<br><br>Сабақ барысында мен топ немесе жекелеген студенттер туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?<br>1.<br><br>2.</td></tr>
</table>

**Оқытушы______________ Асанова Н.С.**

**Әдіскер____________**